АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Атырау қаласы

город Атырау

№ 216 от 13.10.2026

**Атырау облысының
2027-2029 жылдарға арналған
әлеуметтік-экономикалық даму
болжамы туралы**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 51-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 27 мамырдағы №35 «Әлеуметтік-экономикалық даму болжамының, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдерін әзірлеу қағидаларын, мерзімдерін және құрылымын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген Атырау облысының 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы (бұдан әрі – Болжам) мақұлдансын.

2. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары, Атырау қаласы және аудандар әкімдері Болжамның бекітілген өлшемдерін орындау бойынша шараларды қабылдасын.

3. Атырау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 8 қазандағы №217 «Атырау облысының 2026-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы туралы» қаулысының күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі **Б. Ақшолақов**

Атырау облысы әкімдігінің
2026 жылғы «_»_____
№__ қаулысына қосымша

Атырау облысының 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және өткен жылғы салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы

2025 жылы жалпы өңірлік өнім 16 645,7 млрд теңгені құрады *(НКИ-108,8%).* Тауарлар өндірісі 115,4%, көрсетілетін қызметтер өндірісі 100,4%- ды құрады.

Облыс экономикасы өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығы, сауда, көлік және қоймалау салаларындағы өсімді қамтамасыз етумен айқындалды.

Республиканың жалпы ішкі өнімі көлеміндегі облыстың үлес салмағы – 10,4%. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 23 332 мың теңгені құрады.

Жалпы өңірлік өнім құрылымындағы экономиканың негізгі салаларының үлесін 2024 жылмен салыстырғанда: өнеркәсіп саласының үлесі – 53,7% *(2024 жыл – 49,4%),* оның ішінде тау-кен – 48,3% *(2024 жыл – 43,6%),* өңдеу өнеркәсібі – 4,4% *(2024 жыл – 4,6%),* саудада – 13,2% *(2024 жыл – 13,7%)*, құрылыс саласының үлесі «Келешек кеңею жобасы – Ұңғы ернеуіндегі қысымды бақылау» жобасының кезең-кезеңімен аяқталуына байланысты облыстың мекемелерінде жұмыстардың, тапсырыстардың азаюы себебінен – 3,4% *(2024 жыл – 4,8%),* көлік және қоймалау – 3,8% *(2024 жыл – 3,5%),* ауыл шаруашылығы сол деңгейде – 0,6% *(2024 жыл – 0,6%).*

Жыл қорытындысымен өнеркәсіп өнімінің көлемі 13 668,2 млрд теңгені, өндірілген өнімнің нақты көлем индексі 119,2%-ды құрады. Республикадағы өнеркәсіп өнімінің 22%-ы Атырау облысына тиесілі.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде 12 533,5 млрд теңгеге өнім өндірілді. Нақты көлем индексі – 121,6%.

Облыста 62,1 млн тонна мұнай және 34,8 млрд текше метр ілеспе мұнай газы өндіріліп, бұл 2024 жылмен салыстырғанда тиісінше 123,9% және 131,0%-ды құрады. 2025 жылы республика бойынша өндірілген мұнайдың 62,4%-ы, ілеспе мұнай газының 84,6%-ы Атырау облысының үлесінде.

Өңдеу өнеркәсібінде өсім 3,3%-ды құрап, 919,9 млрд теңгеге өнім өндірілді.

2025 жылы «АМӨЗ» ЖШС 5 482,1 мың тонна көлемінде мұнай өнімін өңдеді немесе 2024 жылмен салыстырғанда 99,0% *(2024 ж – 5 534,2 мың тонна).*

**** автобензин – 1 797,2 мың тонна (108,9%), дизель отыны – 1 921,4 мың тонна (114,0%), отындық мазут – 173,2 мың тонна (92,0%).*

«Теңізшевройл» ЖШС 1 277,2 мың тонна көлемінде мұнай өнімін өңдеді немесе 2024 жылмен салыстырғанда 103,0%-ды құрады.

**** пропан – 881,8 мың тонна (104,6%), бутан – 395,4 мың тонна (99,7%).*

«КРІ» ЖШС бойынша 375,8 мың тонна полипропилен өндірілді.

Облыстың өңдеу өнеркәсібі құрылымындағы өсім көрсеткен салалар:

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозгамова В. А.

- қағаз және қағаз өнімдерін өндіру – 682,7%;
- тоқыма бұйымдарын өндіру – 150,2%;
- резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру – 141,2%;
- өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру – 131,9%;
- электр жабдықтарын өндіру – 129,8%;
- жеңіл өнеркәсібі – 112,7%;
- кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру – 103,0% және т.б.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 137,9 млрд теңгені құрады *(НКИ – 107,6%),* оның ішінде мал шаруашылығында – 75,3 млрд теңге *(НКИ – 104,9%),* өсімдік шаруашылығында – 58,5 млрд теңге *(НКИ – 111,0%).*

Құрылыс жұмыстарының көлемі 683,5 млрд теңгені құрады *(НКИ – 77,2%).*

Келешек кеңею жобасының кезең-кезеңімен аяқталуы «СЕНИМДИ КУРЫЛЫС» ЖШС – 95,6%; «НОВУС БОЛАШАҚ» ЖШС – 85,8% тәрізді облыстың ірі мердігер компанияларында құрылыс жұмыстарының төмендеуіне әсер етті.

Өңірде 768,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, өсу 1,3% құрады.

Негізгі капиталға 1 849,2 млрд теңге инвестиция салынды *(НКИ – 86,6%).*

Келешек кеңею жобасының аяқталуы «Теңізшевройл» ЖШС инвестиция көлемінің төмендеуіне әсер етті.

Инвестициялар үшін өнеркәсіп, оның ішінде тау-кен өндіру саласы тартымды болып қала береді. Инвестициялардың 67,4%-ы *(1 246,9 млрд теңге)* өнеркәсіп саласына салынды.

2025 жылы жалпы құны 103 млрд теңге болатын 1 320 жұмыс орнымен 20 инвестициялық жоба іске асырылды:

1. «Binom Barys» ЖШС-нің - Атырау қаласында 2000 оқушыға арналған «Ақ шағала» шағын ауданында мектеп құрылысы. Жоба құны - 13,4 млрд.тг, жұмыс орны – 360;

2. «Халық банк» АҚ - Әкімшілік кеңсе ғимаратының құрылысы. Жоба құны - 10,0 млрд.тг;

3. «Гранд Материк» ЖШС-нің «FFS - Қаптар шығаратын зауыт» жобасы. Жоба құны - 10,0 млрд.тг, жұмыс орны – 35;

4. «ATYRAU CHICKEN» ЖШС-нің - Ет бағытындағы құс фабрикасы. Жоба құны - 9,9 млрд.тг, жұмыс орны - 79;

5. «Айдана-Агро» ШҚ-ның - Жылыжай кешенінің құрылысы. Жоба құны - 9,6 млрд.тг, жұмыс орны - 60;

6. «Вагонно-колесная мастерская» ЖШС-нің - Вагон дөңгелек шеберханасы. Жоба құны 8,2 млрд. теңге, жұмыс орны – 200;

7. «Атырау ЖЭО» АҚ-ның - №6 турбоагрегатты ауыстыру жобасы. Жоба құны - 8,2 млрд.тг;

8. «Тексол-Транс» ЖШС-нің - Сұйытылған газды сақтауға арналған қойма құрылысы. Жоба құны – 7,0 млрд.тг, жұмыс орны – 60;

9. Farabi International School жекеменшік мектеп. Жоба құны - 6,7 млрд.тг, жұмыс орны - 120;

10. «Жолмуханов» ЖК-нің - Көкөніс сақтау қоймасы. Жоба құны – 5,8 млрд.тг, жұмыс орны – 40;

Управление экономики и финансов Атырауской области. Бозкаева Д. А.

11. «КазТурбоРемонт» ЖШС-нің - Локомотивтердің тірек арқалықтарын және басқа да металл бұйымдарын өндіру дәнекерлеу цехының құрылысы. Жоба құны - 4,0 млрд.тг, жұмыс орны - 80;

12. «Жумагалиева» ШҚ-ның - Көкөніс қоймасын салу жобасы. Жоба құны – 3,5 млрд.тг, жұмыс орны - 85;

13. «AtyrauOilService» ЖШС-нің - Сорғы жабдықтарын жөндеу, құрастыру және сервистік қызмет көрсету шеберханасы. Жоба құны - 1,5 млрд.тг, жұмыс орны – 21;

14. «PG Operating» ЖШС/ «Promgaz BP» ЖШС-нің - Атырау қаласында жанар-жағар май құю станциясы, хостел, асхана және дүкенмен кемпинг қызметін ұйымдастыру. Жоба құны 1,2 млрд.тг, жұмыс орны - 50;

15. «PG Operating» ЖШС/ «Promgaz BP» ЖШС-нің - Махамбет ауданында жанар-жағар май құю станциясы, хостел, асхана және дүкенмен кемпинг қызметін ұйымдастыру.Жоба құны - 1,1 млрд.тг, жұмыс орны – 50;

16. «А-Дана» ШҚ-ның - Тауарлы балық өнімі шаруашылығын құру. Жоба құны - 1,0 млрд.тг, жұмыс орны – 16;

17. «Наурзова» ЖК-нің - Тауық етінің жартылай фабрикаттарын өндіру. Жоба құны - 0,8 млрд.тг, жұмыс орны – 17;

18. «Beruseal Caspian» ЖШС-нің - Құбырлар мен жабдықтарды жөндеуге арналған композициялық материалдарды, әртүрлі конфигурациядағы тығыздағыш қысқыштарды және құбырлар мен жабдықтарды ныгыздау өндірісі. Жоба құны – 0,6 млрд.тг, жұмыс орны – 20;

19. «Dossor Processimg Company» ЖШС-нің - Қуаттылығы 48 мың тонна құрама жем (комбикорм) өндіру жобасы. Жоба құны – 0,6 млрд.тг, жұмыс орны – 12;

20. «Талшыктекс» ЖШС-нің - Атырау қаласында тоқыма полипропилен геотөсем өндірісі. Жоба құны – 0,5 млрд.тг, жұмыс орны – 15.

Соңғы жылдары облыс экономикасының өсу қарқыны, негізінен, аса ірі (құны 46 млрд АҚШ долларын құрайтын) «Теңізшевройл» ЖШС-нің Келешек кеңею жобасының іске асырылуымен анықталып келді. Жобаның аяқталып, іске қосылуы, өңірдегі құрылыс жұмыстарының көлемі, негізгі капиталға салынған инвестициялардың төмендеуіне әсер етті.

Жыл қорытындысы бойынша сыртқы сауда айналымының көлемі 29 306,3 млн АҚШ долларын құрады *(98,5%).* Оның ішінде экспорт көлемі 28 240,1 млн АҚШ долларын *(99,3%),* импорт көлемі 1 066,2 млн АҚШ долларын *(80,6%)* құрады.

Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 64 702 бірлікті құрады.

Шағын және орта бизнес субъектілерімен 2025 жылы 5 167,5 млрд теңгенің өнімі шығарылды *(НКИ – 88,2%).* Салада 147,9 мың адам жұмыспен қамтылды.

Сауда қызметінің көлемі 6 598,8 млрд теңгені құрады *(НКИ-101,3%).*

Облыстың сауда саласының 90 пайызға жуығын көтерме сауда құрайды. Оның ішінде өндірістік-техникалық мәндегі тауарлардың көтерме саудадағы үлесі - 96,7%.

Көлік және қоймалау саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымы 858,8 млрд теңгені құрап, өсім – 1,4%.

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозакаева В.А.

Облыс көлеміндегі жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының ұзындығы - 6 542,3 шақырым *(республикалық - 1 115,6 шақырым, облыстық – 846,4 шақырым, қалалық маңыздағы жолдар - 2 050,9 шақырым (Атырау қаласы – 1 634,9 шақырым, Құлсары қаласы – 416 шақырым), аудандық маңызы бар – 1 088,7 шақырым, ауылішілік – 1 440,7 шақырым).*

2025 жылы облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың жағдайы 82% құрап, ағымдағы жылдың қорытындысымен жолдардың қанағаттанарлық жағдайы 86%-ға жеткізіледі.

Байланыс қызметінің көлемі 18 366,2 млн теңгені құрады *(НКИ-96,5%).*

Байланыс саласының жартысын сымды және сымсыз телекоммуникациялық желілер арқылы деректерді беру бойынша қызметтер құрайды *(8 369,8 млн теңге, 104,3%),* сонымен қатар өзге де телекоммуникациялық қызметтер көлемі 6 292,7 млн теңгені құрады *(НКИ-88,9%).*

Мемлекеттік бюджетке 3 083,3 млрд теңге салықтар мен басқа да міндетті төлемдер жиналды немесе болжамға 108,3% *(РБ-ға – 2 172,7 млрд.тг немесе болжамға 111,2%, ЖБ-ға – 910,6 млрд.тг немесе болжамға 102,0%).*

Ұлттық қорға 2 009,6 млрд теңге аударылды.

2025 жылы облыс халқының саны 5,3 мың адамға өсіп, 716,1 мың адамды құрады.

Жұмыс күші – 369,9 мың адам, оның ішінде жұмыспен қамтылған халық саны – 352,0 мың адам.

Жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ды құрады.

Жаңа өндірістердің ашылуы, инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы есебінен 31 805 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде 16 879-ы тұрақты жұмыс орны.

Орташа айлық жалақы 613 062 теңгені құрады.

Халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары 304 413 теңгені құрады.

Инфляция *(2024 жылдың желтоқсанына)* 13,5 пайызды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы – 13,1%-ға, азық-түлік емес тауарлар – 10,4%-ға, ақылы көрсетілетін қызметтер – 17,9%-ға өсті.

2026 жылдың 7 айының қорытындысымен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы

2026 жылдың қаңтар-наурызында облыстың жалпы өңірлік өнімі 3 171,2 млрд теңгені құрады. Нақты көлем индексі – 87,9% *(республиканың жалпы ішкі өнімі көлеміндегі облыстың үлес салмағы – 9,3%. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ – 4 424,7 мың теңге).*

Теріс динамика өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын кейбір көрсеткіштерге байланысты.

2026 жылдың қаңтар-шілдесінде өнеркәсіп өнімінің көлемі 9 014,0 млрд теңгені *(НКИ – 92,2%),* оның ішінде тау кен өндіру өнеркәсібі 8 354,3 млрд теңгені *(НКИ – 89,8%),* өңдеу өнеркәсібі 521,7 млрд теңгені *(НКИ – 110,5%)* құрады.

Көрсеткіштің төмендеу себебі: ағымдағы жылдың қаңтар-шілде айларындағы шикі мұнай өндірісі 11,4%-ға азайып, соның ішінде «Теңізшевройл» ЖШС-де өндіріс көлемі 15,0% төмендеді. Атап айтқанда,

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бегакова В. А.

ағымдағы жылдың қаңтарында зауыттағы электрмен жабдықтаудың тоқтауы, «ҚҚК» АҚ мұнай тасымалдау жүйесіндегі қолайсыз жағдайларға байланысты экспорттың шектеуі әсер етті.

Облыс бойынша 32,3 млн тонна мұнай *(88,6%)* және 18,0 млрд текше метр ілеспе мұнай газы *(87,2%)* өндірілді.

Облыс бойынша өңдеу өнеркәсібінде 530 кәсіпорын қызмет атқарады *(6-ірі, 15-орта, 509-шағын).*

«АМӨЗ» ЖШС 3 131,0 мың тонна көлемінде мұнай өнімін өңдеді *(92,2%).*

**** автобензин – 1 099,5 мың тонна (103,3%), дизель отыны – 1 097,6 мың тонна (91,9%), отындық мазут – 255,9 мың тонна (76,9%).*

«Теңізшевройл» ЖШС 742,4 мың тонна көлемінде мұнай өнімін өңдеді немесе 2025 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 103,1%.

**** пропан – 496,6 мың тонна (101,2%), бутан – 245,8 мың тонна (107,3%).*

«КРІ» ЖШС 245,1 мың тонна полипропилен өндірді *(110,8%).*

Облыстың өңдеу өнеркәсібі құрылымындағы өсім көрсеткен салалар:

- қағаз және қағаз өнімдерін өндіру – 363,6%;
- резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру – 224,7%;
- химия өнеркәсібі – 149,5%;
- өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру – 141,6%;
- тамақ өнімдерін өндіру – 114,9%;
- металлургия өндірісі – 114,7%;
- электр жабдықтарын өндіру – 100,4% және т.б.

Ауыл шаруашылығында өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымы 1,8%-ға ұлғайды *(63,2 млрд теңге).* Оның ішінде мал шаруашылығында – 2,3% *(51,8 млрд теңге),* өсімдік шаруашылығында 100% *(9,4 млрд теңге)*.

Ірі қара мал басының саны 4,9% *(259,1 мың бас),* жылқы 7,1% *(164,2 мың бас),* түйе 2,2% *(46,1 мың бас),* қой мен ешкі – 0,5% *(633,2 мың бас)* өсті.

27,0 мың тонна ет *(101,9%),* 19,7 мың тонна сүт *(102,1%),* 35,3 млн дана жұмыртқа *(115,1%)* өндірілді.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 387,6 млрд теңгені құрады *(НКИ – 127,9%).* 311,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді *(102,6%).*

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 890,8 млрд теңгені құрады *(НКИ – 103,7%).* Есепті кезеңде республикаға тартылған инвестицияның 8,0%-ы Атырау облысына тиесілі.

Бүгінгі күні облыста мұнайгазхимия саласында жалпы құны 6,5 трлн теңгеге құрылыс кезеңінде 17,3 мың жұмыс орнын және іске қосылғаннан кейін 3 мыңға жуық жұмыс орнын құрумен 5 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда.

1. «Бутадиен» ЖШС - Бутадиен және оның туындыларын өндіретін зауыт *(жоба құны - 408,4 млрд теңге, 700 жұмыс орын).*

2. «Силлено» ЖШС - Алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы *(2-кезең полиэтилен өндірісі) (жоба құны – 3 614,0 млрд теңге, 800 жұмыс орын);*

Управление экономики и финансов Атырауской области Бекмуратова В. А.

3. «KMGPetroChem» ЖШС - Арнайы экономикалық аймақтың аумағында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші кезең: арнайы экономикалық аумақтың аумағында газсепарациялық қондырғыны және этан құбырын салу *(жоба құны – 1 305,0 млрд теңге, 138 жұмыс орын);*

4. «KMG PetroChem» ЖШС - Атырау қаласында терефтал қышқылын және полиэтилентерефталат өндіру зауытын салу *(жоба құны – 720 млрд теңге, 800 жұмыс орын);*

5. «GPC Investment» ЖШС - Мақат ауданының Қашаған кен орнында газды кешенді дайындау зауытын салу *(жоба құны – 492,1 млрд теңге, 550 жұмыс орын).*

Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 57 393 бірлікті құрады немесе 2025 жылдың қаңтар-шілдесімен салыстырғанда 11,8%-ға төмен.

2026 жылғы қаңтар-наурызда шағын және орта бизнес субъектілерімен 1 438,3 млрд теңгенің өнімі шығарылды *(НКИ – 102,0%).* Салада 125 274 адам жұмыспен қамтылды.

Өңірде бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау, кәсіпкерлікті жаппай дамыту бойынша жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Кәсіпкерлік субъектілерін төмен пайыздық несиемен қамтамасыз ету мақсатында 2 жергілікті бағдарлама жүзеге асуда.

Ауыл кәсіпкерлерін жеңілдетілген несиелеумен қамтамасыз ету мақсатында «Бизнес-Аймақ» өңірлік бағдарламасымен 2026 жылы жергілікті бюджеттен 12 жоба қаржыландырылды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының экономиканы әртараптандыру тапсырмасына сәйкес шағын өндіріс көздерін, соның ішінде азық-түлік өнімдерін *(тамақ өнеркәсібі)* өндіретін жобаларын 7% пайыздық мөлшерлемесімен қаржыландыруға бағытталған «Атырау өнімі» өңірлік бағдарламасы 1 жоба қаржыландырылды *(«Аграрлық несие корпорациясы» арқылы игерілуде).* Бағдарлама шеңберінде құжаттар қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

Сауда қызметінің көлемі 4 338,2 млрд теңгені құрады, нақты көлем индексі – 98,4%.

Көрсеткіштің төмендеу себебі: Төмендеуге бірқатар кәсіпорындар бойынша *(ҚР «КННК КАЗАХСТАН Б.В.» ФЛ, ҚР «TOTALENERGIES EP KAZAKHSTAN» / «ТОТАЛЬЭНЕРДЖИЗ ЭП КАЗАХСТАН» ФЛ, ҚР «SHELL KAZAKHSTAN DEVELOPMENT BV» - «ШЕЛЛ КАЗАХСТАН ДЕВЕЛОПМЕНТ БВ» ФЛ, ҚР «ИНПЕКС НОРТ КАСПИАН СИ, ЛТД.» ФЛ, ҚР «ЭКСОНМОБИЛ КАЗАХСТАН ИНК.» ФЛ)* шілде айында КТК теңіз терминалындағы тиеу операцияларының уақытша тоқтатылуы, мұнайды тасымалдауға шектеулер қойылуына байланысты мұнайды өткізу көлемінің қысқаруы, сату көлемінің төмендеуі тәрізді факторлар әсер етті.

Көлік және қоймалау саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымы 546,9 млрд теңгені құрады *(НКИ – 92,4%).*

Көрсеткіштің төмендеу себебі: Құбыр желісі бойынша жүк тасымалдау көлемі 74,1% құрады. Тасымалданатын мұнай көлеміне қазақстандық мұнай өндіруші компаниялардың мұнай өндіруі мен тапсыруы әсер етеді. Соның ішінде көлемнің азаюына «КТК» АҚ мұнайды ҚР Энергетика министрлігі бекітетін

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозгаева В. К.

тасымалдау кестелері шеңберінде және жүк жөнелтушілердің өтінімдеріне сәйкес тасымалдауы әсер етті. ВПУ - 2 *(теңіздегі алыс орналасқан айлақ құрылғысы)* істен шығуы, «ТШО» ЖШС жөнелту көлемдерінің азаюы да әсер етті. Сонымен қатар, «КТК» АҚ-да теңіз терминалында мұнайды тиеу операцияларының уақытша тоқтатылуына байланысты мұнай тасымалдауға уақытша шектеулер енгізілді.

Байланыс қызметінің көлемі 10 966,4 млн теңгені құрады *(НКИ – 100,8%)*.

Мемлекеттік бюджетке 1 769,8 млрд теңге салықтар мен басқа да міндетті төлемдер жиналды немесе болжамға 95,1% *(РБ-ға – 1 351,9 млрд.тг немесе болжамға 106,1%, ЖБ-ға – 417,9 млрд.тг немесе болжамға 71,2%).*

Ұлттық қорға 1 645,6 млрд теңге аударылды.

Биылғы 1 тамыз жағдайына өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда облыс халқының саны 4 629 адамға өсіп, 718 501 адамға жетті.

2026 жылғы 2 тоқсанда жұмыс күші – 375 442 адам, оның ішінде жұмыспен қамтылған халық саны – 357 428 адам.

Жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ды құрады.

Облыста 14 197 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде 10 556-ы тұрақты *(3 641-і уақытша).*

2026 жылы әлеуметтік қолдау шараларымен 40 882 адамды қамту жоспарланып, 7 774,2 млн теңге бөлінді. Ағымдағы жылдың 1 тамызына жұмыспен қамту шараларымен 28 944 адам қамтылды, 2 113,4 млн теңге игерілді.

«Теңізшевройл» мекемесі арқылы 55 адам 5 мамандық бойынша оқу курстарын оқып, оның ішінде 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылды *(жарылысқа төзімді электротехникалық және бақылау-өлшеу жабдықтарын инспекциялау және аудит жүргізу - 20 адам («Едил-Орал» ЖШС), инертті қорғаныш газы ортасында балқымайтын вольфрам электродын қолдана отырып, икемді материалдарды қолмен дәнекерлуге - 10 адам, аргонды дәнекерлеу - 10 адам («APEC Petro Technic» жоғары колледжі), дефектоскопист - 5 адам («APEC Training Center» ЖШС), токарь - 10 адам (Мақат мұнай және газ технологиялық колледжі).*

Тұрақты жұмыс орындарына 6 833 адам *(жоспар 15 434 адам),* уақытша жұмыс орындарына 4 500 адам орналасты *(әлеуметтік жұмыс орындарына 263 адам (жоспар-390 адам, 236,7 млн.тг), қоғамдық жұмысқа 2 007 адам (жоспар-2 270 адам, 2 827,6 млн.тг), жастар практикасына 889 жас (жоспар – 1 978 адам, 1 124,2 млн.тг), «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 163 жас (жоспар-201 адам, 130,4 млн.тг) және «Күміс жас» жобасына 1 178 адам (жоспар-1 238 адам, 1 619,4 млн.тг).*

«Бастау-Бизнес» жобасымен кәсіпкерлік негіздеріне 1 780 адам, қысқа мерзімді курстармен 190 адам және skills оқытумен 1 836 адам оқытылды. Кәсіптік бағдарлаумен 13 619 адам қамтылды. Жаңа бизнес идеяларды іске асыру бағытында 400 АЕК мөлшерінде қайтарымсыз мемлекеттік гранттарды осал топтардағы азаматтар есебінен 158 адам алды (жоспар-330 адам).

24 мүгедектігі бар адамдар арнайы құрылған жұмыс орындарында жұмыстарын жалғастыруда және биылғы жоспар есебінен 4 адам орналастырылды.

2026 жылдың қаңтар-маусымында орташа айлық жалақы 642 414 теңгені құрады және номиналды мәнде 5,4%-ға өсті, нақты мәнде 5,9%-ға төмендеді.

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бизкаева В. А.

2026 жылдың 1 тоқсанында халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары 323 716 теңгені құрады және номиналды мәнде 2,9%-ға өсті, нақты мәнде 8,3%-ға төмендеді.

2026 жылғы шілдедегі инфляция *(2025 жылдың желтоқсанына)* 6,2 пайызды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы – 4,8%-ға, азық-түлік емес тауарлар – 6,5%-ға, ақылы көрсетілетін қызметтер – 8,7%-ға өсті.

Бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік сала объектілерін салу және жөндеу, сумен және электрмен қамту жүйелерін, автокөлік жолдарын жаңғырту және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Үш ауысымды мектептер санын азайту және апатты мектептерді жою арқылы білім алушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында тиісті жұмыстар атқарылуда.

2026 жылы облыста 5 900 орындық 7 мектеп пайдалануға берілді. Атап айтқанда Атырау қаласында 3 900 орындық 4 мектеп, оның ішінде 2 000 орындық БИНОМ мектебі, Көктем ы/а 600 орындық, Еркінқала-2 ауылында 600 орындық және Дамбы ауылында 300 орындық мектептер. Сонымен қатар, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Құлсары қаласында 1 200 орындық, Құрманғазы ауданының Құрманғазы және Аққөл ауылдарында әрқайсысы 600 орындық мектептер пайдалануға берілді.

Атырау қаласының Талқайран ауылында 280 орындық балабақша мен Томарлы ауылында 150 орындық өнер мектебінің құрылыстары аяқталып, қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

Бұдан бөлек, өңірде білім беру саласында 5 650 орындық 10 мектептің, 1 550 орындық 7 мектепке жапсаржайдың, 1 620 орындық 7 балабақшаның, 1 саз мектебінің құрылысы жүзеге асырылуда.

Денсаулық сақтау саласы бойынша халықтың сапалы медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру мақсатында облыста 8 медициналық нысанның, атап айтқанда облыс орталығында 2 емхананың *(Нұрсая ы/а, Өркен ы/а),* 2 дәрігерлік амбулаторияның *(Қара депо ы/а, Көкарна ы/а),* жедел медициналық жәрдем станциясының, онкология диспансерінің, онкология диспансеріне радиологиялық корпустың және Құрманғазы аудандық орталық ауруханасына МРТ қондырғысы үшін жапсаржайдың құрылыстары жүргізілуде.

Бюджет саясаты мемлекеттік қаржының тұрақтылығын нығайтуға және экономиканың одан әрі өсуін қолдауға бағытталатын болады.

2027-2029 жылдарға арналған бюджет саясатының негізгі міндеттері:

– бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендету;

– бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру.

Орта мерзімді кезеңде жергілікті бюджет шығыстарының басымдықтары:

– білім беру, денсаулық сақтау объектілерін, қолжетімді тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу және қайта жаңғырту;

– халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге арналған объектілер салу;

– жергілікті деңгейдегі автомобиль жолдарын дамыту.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларындағы міндеттерді орындауға, әлеуметтік нысандардың құрылысын

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозгаева В. А.

салуға, шағын және орта бизнесті қолдауға, тұрғын үй құрылысын дамытуды ынталандыруға және оның қолжетімдігін арттыруға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын, сумен және электрмен жабдықтау инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған бастамасын іске асыру жалғасады.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының параметрлерін және есептік деректерінің есепті қаржы жылында мақұлданған облыс деңгейіндегі Даму болжамының болжамды деректерінен алшақтығының себептерін талдау

Облыстың экономикалық дамуы тау-кен өндірісі, ауыл шаруашылығы, сауда және көлік салаларындағы өсім есебінен қол жеткізілді.

2025 жылға облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 15 999,1 млрд теңге көлемінде және нақты көлем индексі – 102,9% болжанды *(нақты – 108,8%).*

2025 жылдың қорытындысымен облыстың жалпы өңірлік өнімінің 50 пайыздан астамын өнеркәсіп, сауда – 13,2 пайызын, көлік және қоймалау – 3,8 пайызын құрағандықтан, аталған салалар бойынша 2024 жылмен салыстырғанда өсімге қол жеткізілді.

Өнеркәсіп өнімінің болжамды нақты көлем индексі – 111,7% *(2025 жылы нақты – 119,2%).*

Облыс бойынша 62,1 млн тонна мұнай *(123,9%)* және 34,8 млрд текше метр ілеспе мұнай газы *(131,0%)* өндірілді. Оның ішінде «Теңізшевройл» компаниясы 39,0 млн тонна мұнай *(140,3%),* 22,0 млрд текше метр ілеспе мұнай газын *(148,2%)* өндірді. «NCOC» компаниясы 18,3 млн тонна мұнай *(104,8%),* 12,0 млрд текше метр ілеспе мұнай газын *(104,6%)* өндірді.

Өңдеу өнеркәсібінің болжамды нақты көлем индексі – 96,0% *(2025 жылы нақты – 103,3%).*

«АМӨЗ» ЖШС – 5 482,1 мың тонна көлемінде мұнай өнімі өңделді немесе 2024 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 99,0%-ды құрады *(2024 ж – 5534,2 мың тонна).* Сонымен қатар: автобензин – 1 797,2 мың тонна *(108,9%),* дизель отыны – 1 921,4 мың тонна *(114,0%),* отындық мазут – 173,2 мың тонна *(92,0%).*

Облыста келесідей ірі жүйеқұраушы кәсіпорындар жұмыс істейді: мұнай және газ өндіру бойынша – «Теңізшевройл» компаниясы, «НКОК» компаниясы, мұнай өңдеу бойынша «АМӨЗ» зауыты.

«КРІ» ЖШС – 375,8 мың тонна полипропилен өндірді.

Сондай ақ, өңдеу өнеркәсібінің келесідей салаларында өсімге қол жеткізілді: қағаз және қағаздан өнімдер өндіруде *(682,7%),* резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде *(141,2%),* өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру *(131,9%),* химия өнеркәсібінде *(129,2%),* жеңіл өнеркәсіпте *(112,7%)* және кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіруде *(103,0%)* және тағы басқаларында.

Ауыл шаруашылығы саласының болжамды нақты көлем индексі – 104,3% *(2025 жылы нақты – 107,6%).*

Управление экономики и финансов Атырауской области — Бозкаев В. А.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 137,9 млрд теңгені құрады, нақты көлем индексі – 107,6%.

Оның ішінде, мал шаруашылығында – 75,3 млрд теңге *(НКИ – 104,9%)* және өсімдік шаруашылығында – 58,5 млрд теңге *(НКИ – 111,0%).*

Ірі қара мал басының саны 5,0% *(236,6 мың бас)*, жылқы 9,4% *(156,9 мың бас)*, түйе 4,8% *(43,7 мың бас)* өсіп, қой мен ешкі 0,1% *(551,2 мың бас)* төмендеді.

Есепті кезеңде облыста 55,0 мың тонна ет *(104,4%),* 31,8 мың тонна сүт *(101,4%),* 52,9 млн дана *(179,6%)* жұмыртқа өндірілді.

2025 жылдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы, оның ішінде өсімдік шаруашылығының жалпы өнімінің жартысынан астамын көкөністер, бақша дақылдарын, тамыр жемістілер мен түйнек жемістілерді өсіру құрайды. Оның өсімі 22,7 пайызды құрады. Мал шаруашылығының жалпы өнімінің ішінде сүтті бағыттағы ірі қара малды көбейту – 2,8%, малдың басқа да тұқымдарын көбейту – 2,1% және т.б өсімді құрады.

Құрылыс саласының болжамды нақты көлем индексі – 77,0% *(2025 жылы нақты – 77,2%).*

Облыста 683,5 млрд теңгенің құрылыс жұмыстары орындалды, нақты көлем индексі – 77,2%.

Көрсеткіштің төмендеу себебі: Келешек кеңею жобасының кезең-кезеңімен аяқталуы «СЕНИМДИ КУРЫЛЫС» ЖШС – 95,6%; «НОВУС БОЛАШАҚ» ЖШС – 85,8% тәрізді облыстың ірі мердігер компанияларында құрылыс жұмыстарының төмендеуіне әсер етті.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері және негізгі бағыттары

Биыл өңірде жалпы құны 557,0 млрд теңгені құрайтын 1 675 жұмыс орнын құрумен 18 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта 6 жоба іске қосылды.

Ауыл шаруашылығында өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) жалпы шығарылымы 140,6 млрд теңгені құрайды деп күтілуде.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 750,8 млрд теңге көлемінде болжануда.

Сауда қызметінің көлемі 7 437,0 млрд теңгені құрайды.

Жұмыссыздық 4,8% деңгейінде болжануда.

Облыс халқының саны 724,6 мың адамды құрайды.

Азық-түлік нарығын реттеу және алыпсатарлық пен бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеу, сондай-ақ мерзімдік ауытқуларды қалыпқа келтіру үшін азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану бойынша жұмыс жалғасатын болады.

Нарықты азық-түлік тауарларымен толықтыру үшін отандық өндірушілерді қолдау қамтамасыз етіледі.

Өңір экономикасының негізгі құраушы күші мұнай-газ саласы болып қала береді. Соған қарамастан, облыс экономикасын әртараптандыру және шикізаттық емес секторды дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бекжанов Д.А.

Мұнай-газ саласында жоғары деңгейдегі қайта өңдеудің жаңа өндірістік циклдарын құру үшін инвестиция тартуға ерекше көңіл бөлінуде.

2027–2029 жылдары **өнеркәсіп** өнімі көлемінің орташа жылдық өсу қарқыны 2,8% деңгейінде болжамдалады. Өсім мұнай және газ өндіру есебінен қамтамасыз етіледі.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде орташа жылдық өсім қарқыны 0,7% шамасында жоспарлануда.

Мұнай-газ секторын дамыту ірі кен орындарында мұнай өндіру көлемін арттыруға, сондай-ақ ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз етуге, мұнай тасымалдаудың экспорттық бағыттарын әртараптандыруға бағытталған.

Ауыл шаруашылығын дамыту азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өңір экономикасын әртараптандыру үшін өте маңызды.

Биылғы қаңтар-шілдеде салаға тартылған инвестиция көлемі 1 571,7 млн теңгені құрады.

Өңірде 2026 жыл басынан бүгінгі күнге дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру мақсатында, қала және аудан орталықтарында нарықтық бағадан 10-15% төмен бағада аптаның сенбі-жексенбі күндері жәрмеңке өткізіліп, көкөніс-жеміс және тағы басқа өнімдер халыққа ұсынылуда. Бүгінгі күнге дейін қала және аудандар орталықтарында 372 жәрмеңке өткізілді *(Атырау қаласы – 76, Жылыой ауданы – 32, Құрманғазы ауданы – 31, Индер ауданы – 22, Мақат ауданы – 65, Қызылқоға ауданы – 80, Махамбет ауданы – 31, Исатай ауданы – 35).*

Тауар айналымы тетігі шеңберінде «Атырау ӘКК» АҚ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерімен айналым схемасы бойынша келісім шарт аясында «Қызанақ Агро» ЖШС, «Отбасы» ШҚ ЖК, «Abdulla» ШҚ, «ҚазАгроНова» ШҚ және «Дибдиева З.А.» ШҚ-мен өнім өндіру, сақтау және өткізу міндеттемелері көзделген шарттар жасалды *(жер жырту, парлау, атыздарды қалыптастыру жұмыстары жүргізілді, суару қамтамасыз етілді).* Егіс жұмыстары жоспарланған барлық алқаптарда толық көлемде аяқталуы жоспарлануда. Жасалған шарттарға сәйкес, төмендетілген бағамен өндіріліп өткізілетін ауыл шаруашылығы өнімінің жоспарланған көлемі 10 233 тоннаны құрайды, оның ішінде: картоп – 4 765 тонна; пияз – 2 349 тонна; сәбіз – 1 885 тонна; қырыққабат – 1 234 тонна.

Тауар айналымы тетігі шеңберінде бөлінген қаражат есебінен егіс алқаптарының көлемі 320 гектардан 470 гектарға дейін ұлғайтылды, ал тұрақтандыру қоры өнімінің көлемі өткен жылдармен салыстырғанда 7,3 мың тоннадан 10,2 мың тоннаға дейін артты. Аталған шаралар өңірді маусымаралық кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдерімен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған.

Туризм саласы – облыста перспективалы салалардың бірі. Облыста туризмнің экологиялық, мәдени-танымдық *(өңір тарихымен, салт-дәстүрімен таныстыру),* спорттық-әуесқойлық *(аң аулау, балық),* этнографиялық, балалар-жасөспірімдер, экологиялық, іскерлік бағыттары дамуда:

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозакаева Б. А.

*** ***Экологиялық туризм бойынша*** *– Индер тұзды көлі; Құрманғазы ауданында «Лотос» алқабы; Ақкегершін борлы таулары; Исатай ауданында Нарын құмдары; Атырау қаласында «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты.* ***Спорттық әуесқойлық -*** *Құрманғазы балық аулау базалары.* ***Тарихи – мәдени танымдық -*** *Жылыой ауданындағы Ақмешіт қорымы; Құлшан ата қорымы; Жұбан мазары; Иманқара үңгірі; Махамбет Өтемісұлы мазары; Махамбет ауданында Ортағасырлық Сарайшық кешені; Бала Ораз кесенесі; Исатай ауданындағы «Тасқыран» белгісі және Мақат ауданындағы «Байбақты ата» кесені және т.б.*

Аталған бағыттар бойынша туристік маршруттар жасақталып, сұраныс түскен жағдайда туроператорлар, туристер мен туристік топтарды қабылдау бойынша жұмыстар жүргізуде. Қазіргі таңда, аталған бағыттар бойынша бекітілген 13 туристік маршрут бар. Ауыл, агро және өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлерді жұмылдыра отырып, туристік маршруттар санын 30-ға жеткізу жоспарлануда.

Сонымен қатар, 2026 жылдың қаңтар-маусым айларында өңірге 83 мыңнан астам турист келді, оның ішінде, ішкі туристер – 75 мың адам, шетелдік туристер – 8 мың адам.

Туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 2026 жылдың 8 айында 37,9 млрд теңгені құрады.

Облыста ҚР Туристендіру картасына республикалық деңгейде 1 туристік нысан *(«Ортағасырлық Сарайшық кешені»),* өңірлік деңгейде 5 туристік орын *(«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты, Лотос алқабы, Нарын құмы, Индер тұзды көлі, Ақкегершін борлы таулары)* енгізілді.

Көлік саласында 2026 жылы облыс көлеміндегі көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 50 елді мекенді қамти отырып, 320 шақырым жол салу жұмыстары жүргізілуде.

Атап айтқанда, ұзындығы 87 шақырымды құрайтын «Индер-Қарабау» жол участке, ұзындығы 45,8 шақырым құрайтын «Тайсойған ауылына кірме жолы» аяқталды.

Сонымен қатар, «Индер-Қарабау-Миялы-Сағыз» автомобиль жолының 115 шақырымды құрайтын «Миялы-Сағыз» аралығын орташа жөндеу жұмыстары жалғасуда, Құрманғазы ауданындағы жалпы ұзындығы 282 шақырымды құрайтын «7-разъезд-Асан-Азғыр-Балқұдық-Сүйіндік» автомобиль жолының 0-36, 98-180 шақырымдарында жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Аяқталу сатысындағы жұмыстар:

- «Құрманғазы-Приморье-Утеры-Котяевка» автомобиль жолының 29 шақырым учаскесін күрделі жөндеу;

- «Атырау-Астрахань» автомобиль жолының 616-621 шақырым аралығын I санатқа ауыстыру;

- Ұзындығы 18 шақырым «Миялы-Ойыл» автомобиль жолын күрделі жөндеу;

- «Атырау-Индер» автомобиль жолының 67-117 шақырым учаскесін орташа жөндеу;

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозакаева Д. А.

- Ұзындығы 32 шақырымды құрайтын Исатай ауданындағы Қызыл-үй ауылына кірме жолын жөндеу.

Байланыс саласы бойынша облыстағы 153 елді мекеннің 146-сы кеңжолақты интернетпен қамтылған, жалпы қамту деңгейі 99,6% құрайды. Атырау облысында халық көп жиналатын орындарда 5G желісін қамтамасыз ететін 181 базалық станция орнатылды.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында 45 ауылға талшықты-оптикалық интернет тарту және республикалық маңызы бар жолдарды үздіксіз байланыспен қамту үшін 5 антенналық-діңгектік құрылым салу жоспарлануда.

Облыста барлық салаларды цифрландыру жұмыстары жүргізілуде, атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, мәдениет, спорт, қауіпсіздік салалары және тағы басқалары.

Сондай ақ, инвестиция тарту саласын цифрландыру мақсатында инвестициялық карта әзірленді, бұл өңірдің мүмкіндіктерімен танысуға, жаңа жобаларға қатысуға, өз бастамаларын ұсынуға жағдай жасайды. Ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлікті қолдау салалары бойынша цифрлық технологияларды пайдалану саласында геоақпараттық портал тиімді құрал болып отыр. Білім беру саласында білім беру ұйымдары цифрлық жүйелермен жабдықталған. Қауіпсіздік саласын цифрландыру тиімді нәтиже беруде. Облыс аумағында бейнебақылау камераларының саны артып, жедел басқару орталықтарына қосылған.

Сауда саласын дамытудың мақсаты нарықтағы жоғары сапалы өнімді молайтатын және экспорттық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін заманауи сауда жүйесін құру және дамыту болып табылады.

Сауда қызметі көлемінің жылдық орташа мөлшердегі өсу қарқыны 2027-2029 жылдары 5,5% деңгейінде болжамдалуда.

Жалпы өңірлік өнімнің болжамды нақты көлем индексі 2027 жылы – 102,8%, 2028 жылы – 102,8%, 2029 жылы – 103,0% құрайды.

Шикі мұнай өндіру көлемі 2027 жылы 54,5 млн тоннадан 2029 жылы 62,9 млн тоннаға дейін артады деп жоспарлануда.

Өңдеу өнеркәсібіндегі нақты көлем индексі 2027-2029 жылдары орташа есеппен 101,3%-ды құрайды.

2027-2029 жылдары ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемінің жылдық орташа өсімі 1,6%-ды құрайды.

Облыс халқының саны 2027 жылы 727,9 мың адамнан 2029 жылы 736,7 мың адамға дейін өсуі болжанады.

Жұмыс күшінің саны 2027 жылы 378,9 мың адамнан 2029 жылы 384,5 мың адамға дейін өсуі күтілуде.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму тәуекелдері

Шикізат бағасының құбылмалылығы, әлемдік саудадағы өзгерістер, сыртқы сын-қатерлер облыс экономикасы үшін негізгі тәуекелдер болып қала береді.

Тәуекелдер:

Управление экономики и финансов Атырауской области Бозкашева Д.

Облыстың, жалпы алғанда, елдің экспортқа бағдарланған экономикасы үшін мұнай мен шикізат тауарлары бағасының төмендеуі және сұраныстың азаюы;

Инвестициялық белсенділіктің төмендеуі;

Мұнай-газ саласымен шектелу;

Мұнай өнімдерін тек шикізат күйінде ғана экспорттау;

Азық-түлік қауіпсіздігі.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің жоспарлы кезеңге арналған болжамы және облыстың бюджеттік параметрлерінің жоспарлы кезеңге арналған болжамы осы қаулының 1-ші және 2-ші қосымшаларында көрсетілген.

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозакаева Б. Х.

Ескерту. Қысқартулардың толық жазылуы:
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
ЖӨӨ – жалпы өңірлік өнім
млн – миллион
млрд – миллиард
НКИ – нақты көлем индексі
АМӨЗ – Атырау мұнай өңдеу зауыты
ҚР – Қазақстан Республикасы
ЖСҚ – жобалау сметалық құжаттама
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік
АҚ – акционерлік қоғам
ШҚ – шаруа қожалығы
ЖЭО – жылу энергиялық орталығы
ЖК – жеке кәсіпкерлік
ТШО – Теңізшевройл
КТК – Каспий трубопроводный консорциум
ы/а – ықшам аудан

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозакаева В. А.

2027-2029 жылдарға арналған
әлеуметтік-экономикалық
даму болжамына 1-қосымша

Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің жоспарлы кезеңге арналған болжамы

Р/с №	Көрсеткіштер	2026 жыл	Болжамды кезең жылы		
			2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл
		Бағалау	Болжам		
1	2	3	4	5	6
1.	ЖӨӨ, млрд теңге	17 090,5	18 062,7	19 279,7	20 639,9
2.	ЖӨӨ нақты өзгеруі, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	98,6	102,8	102,8	103,0
3.	Халықтың жан басына шаққанда ЖӨӨ, есептік бағам бойынша АҚШ доллары	48 134,0	48 093,1	46 770,1	48 304,8
Облыс бойынша барлық экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖӨӨ					
4.	Ауыл, орман және балық шаруашылығы, млрд теңге	106,8	113,5	121,0	129,6
5.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	102,3	101,2	101,5	102,0
6.	Өнеркәсіп, млрд теңге	8 692,6	8 887,2	9 178,4	9 470,2
7.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	96,0	103,0	102,3	103,0
8.	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру, млрд теңге	7 761,8	7 893,8	8 108,3	8 328,6
9.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	95,0	100,0	101,0	101,0
10.	Шикі мұнай өндіру, млн тонна	50,4	54,5	61,7	62,9
11.	Өңдеу өнеркәсібі, млрд теңге	769,2	821,2	885,3	945,1
12.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	100,0	101,0	102,0	101,0
13.	Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау, млрд теңге	133,7	142,9	153,4	163,2
14.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	101,0	101,5	102,0	101,0
15.	Сумен жабдықтау, су бұру, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет, млрд теңге	27,9	29,3	31,3	33,3
16.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	101,0	100,5	102,0	101,5
17.	Құрылыс, млрд теңге	646,5	672,9	700,3	736,3
18.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	106,9	98,0	98,0	99,0
19.	Көтерме және бөлшек сауда, автомобиль мен мотоциклдерді жөндеу, млрд теңге	2 452,0	2 752,3	3 104,0	3 517,3
20.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	104,5	105,0	105,5	106,0
21.	Көлік және қоймалау, млрд теңге	676,6	737,8	808,4	890,2

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозакаева В.А.

Р/с №	Көрсеткіштер	2026 жыл	Болжамды кезең жылы		
			2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл
		Бағалау	Болжам		
22.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	100,5	102,0	102,5	103,0
23.	Ақпарат және байланыс, млрд теңге	42,5	45,6	49,0	53,4
24.	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	100,2	100,4	100,6	101,8
Әлеуметтік саланың көрсеткіштері					
25.	Халықтың орташа жылдық саны, адам	724 612	727 863	733 491	736 699
26.	ерлер, адам	354 171	356 695	358 461	360 449
27.	әйелдер, адам	370 441	371 168	375 030	376 250
28.	Жұмыс күші (15 және одан жоғары жастағы), адам	376 855	378 925	379 526	384 471
29.	ерлер, адам	190 005	191 831	191 765	195 240
30.	әйелдер, адам	186 750	187 094	187 761	189 231
31.	Жұмыссыз халық (15 және одан жоғары жастағы), адам	18 129	18 172	18 196	18 092
32.	ерлер, адам	9 133	9 127	9 097	9 071
33.	әйелдер, адам	8 996	9 045	9 099	9 021
34.	Жұмыссыздық деңгейі, %-бен	4,8	4,8	4,8	4,7
35.	ерлер, адам	4,8	4,8	4,7	4,6
36.	әйелдер, адам	4,8	4,8	4,8	4,8
37.	Бір жұмыскердің орташа айлық жалақысы, теңге	637 584	663 087	689 611	717 195
38.	Нақты жалақы индексі, алдыңғы жылға қарағанда %	104,0	104,0	104,0	104,0
39.	Зейнеткерлердің саны, адам	75 005	-	-	-

Управление экономики и финансов Атырауской области Бозакаева В. А.

Атырау қаласының жоспарлы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

Р/с №	Көрсеткіштер	2026 жыл	Болжамды кезең жылы		
			2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл
		Бағалау	Болжам		
1	2	3	4	5	6
Экономиканың негізгі салалары өндірісінің көлемі					
1	Ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы шығарылымы, млн теңге	24 678,3	24 925,1	25 298,9	25 551,9
2	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	102,0	101,0	101,0	102,0
3	Өнеркәсіп, млн теңге	1 212 242	1 303 069	1 413 128	1 435 045
4	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	99,0	100,2	100,4	101,0
5	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру, млн теңге	455 458	460 013	464 613	469 259
6	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	91,0	101,0	101,0	101,0
7	Өңдеу өнеркәсібі, млн теңге	568 255	649 100	753 215	769 786
8	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	100,0	101,5	102,0	102,2
9	Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау, млн теңге	170 295	175 156	176 200	176 500
10	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	101,0	101,5	102,0	103,0
11	Сумен жабдықтау, су бұру, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет, млн теңге	18 234	18 800	19 100	19 500
12	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	101,0	100,0	100,0	101,0
13	Құрылыс, млн теңге	256 173,0	258 734,7	261 322,0	266 548,5
14	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	74,7	98,0	98,0	99,0
15	Бөлшек сауда, млн теңге	655 717	699 737	733 971	771 462
16	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	103,0	104,0	104,5	105,0
17	Көтерме сауда, млн теңге	6 640 175	6 960 806	7 309 628	7 674 288
18	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	102,5	101,0	102,5	103,0
Әлеуметтік саланың көрсеткіштері					
19	Халықтың орташа жылдық саны, адам	435 525	438 225	442 225	444 325
20	ерлер, адам	210 425	212 425	213 925	215 425
21	әйелдер, адам	225 100	225 800	228 300	228,900
22	Жұмыс күші (15 және одан жоғары жастағы), адам	237 385	239 500	240 550	244 785
23	ерлер, адам	116 800	118 600	119 100	122 450
24	әйелдер, адам	120 585	120 900	121 450	122 335
25	Жұмыссыз халық (15 және одан жоғары жастағы), адам	11 350	11 400	11 450	11 400
26	ерлер, адам	5 600	5 600	5 600	5 600

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозкаева В. А.

Р/с №	Көрсеткіштер	2026 жыл	Болжамды кезең жылы		
			2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл
		Бағалау	Болжам		
27	әйелдер, адам	5 750	5 800	5 850	5 800
28	Жұмыссыздық деңгейі, %-бен	4,8	4,8	4,8	4,7
29	ерлер, адам	4,8	4,7	4,7	4,6
30	әйелдер, адам	4,8	4,8	4,8	4,7
31	Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы, теңге	604 840	627 219	650 308	675 139
32	Нақты жалақы индексі, алдыңғы жылға қарағанда %-бен	101,9	103,7	103,7	103,8
33	Зейнеткерлердің саны, адам	41 718	-	-	-

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозакаева В. А.

Жылыой ауданының жоспарлы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

Р/с №	Көрсеткіштер	2026 жыл	Болжамды кезең жылы		
			2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл
		Бағалау	Болжам		
1	2	3	4	5	6
Экономиканың негізгі салалары өндірісінің көлемі					
1	Ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы шығарылымы, млн теңге	10 629,7	10 736,0	10 897,1	11 006,0
2	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	102,0	101,0	101,2	101,5
3	Өнеркәсіп, млрд теңге	12 808 590	13 801 059	13 274 606	14 293 656
4	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	95,0	101,9	101,8	101,8
5	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру, млрд теңге	12 525 104	13 502 859	12 972 125	13 987 125
6	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	97,0	101,0	100,0	101,0
7	Өңдеу өнеркәсібі, млрд теңге	260 637	271 000	273 981	276 721
8	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	100,0	101,0	101,1	101,0
9	Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау, млн теңге	1 798	2 000	2 100	2 200
10	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	101,0	101,0	101,0	101,0
11	Сумен жабдықтау, су бұру, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет, млн теңге	21 051	25 200	26 400	27 610
12	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	100,0	101,0	105,8	105,5
13	Құрылыс, млн теңге	285 595,2	288 451,2	291 335,7	297 162,4
14	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	142,6	98,0	98,0	99,0
15	Бөлшек сауда, млн теңге	67 428,0	70 802,8	74 326,4	78 060,1
16	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	102,3	103,0	103,5	104,0
17	Көтерме сауда, млн теңге	13 436,0	14 245,0	14 957,0	15 705,3
18	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	100,0	101,2	102,5	103,0
Әлеуметтік саланың көрсеткіштері					
19	Халықтың орташа жылдық саны, адам	84 878	84 820	85 095	85 194
20	ерлер, адам	42 588	42 590	42 595	42 594
21	әйелдер, адам	42 290	42 230	42 500	42 600
22	Жұмыс күші (15 және одан жоғары жастағы), адам	40 525	40 600	40 595	40 624
23	ерлер, адам	21 289	21 283	21 286	21 281
24	әйелдер, адам	19 236	19 317	19 309	19 343
25	Жұмыссыз халық (15 және одан жоғары жастағы), адам	1 930	1 935	1 946	1 932
26	ерлер, адам	994	997	991	982
27	әйелдер, адам	936	938	955	950

Управление экономики и финансов Атырауской области - Ковгаева В. А.

Р/с №	Көрсеткіштер	2026 жыл	Болжамды кезең жылы		
			2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл
		Бағалау	Болжам		
28	Жұмыссыздық деңгейі, %-бен	4,8	4,8	4,8	4,8
29	ерлер, адам	4,7	4,7	4,7	4,6
30	әйелдер, адам	4,9	4,9	4,9	4,9
31	Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы, теңге	866 026	868 624	872 098	875 587
32	Нақты жалақы индексі, алдыңғы жылға қарағанда %	100,2	100,3	100,4	100,4
33	Зейнеткерлердің саны, адам	8 291	-	-	-

Управление экономики и финансов Атырауской области - Бозакаева В. А.

Индер ауданының жоспарлы кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

Р/с №	Көрсеткіштер	2026 жыл	Болжамды кезең жылы		
			2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл
		Бағалау	Болжам		
1	2	3	4	5	6
Экономиканың негізгі салалары өндірісінің көлемі					
1	Ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы шығарылымы, млн теңге	17 321,9	17 495,2	17 757,6	17 935,2
2	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	101,3	101,0	101,2	101,5
3	Өнеркәсіп, млн теңге	11 524	11 694	11 976	12 325
4	алдыңғы жылға қарағанда %-бен	100,1	100,3	100,1	100,2
